

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 5 «ә» сыныбында
2021 -2022 оқу жылының жылдық жұмыстары жөнінде хабарлама**

2021-2022 оқу жылында 5 «ә» сыныбын барлығы 20 оқушымен бастадық. Оның 12-сі ер бала, 8-і қыз бала. Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы. Мектепішілік есепте тұрған оқушы жоқ.

2021 -2022 оқу жылының басында тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып ,бекітілді.Тәрбие жоспары 8 бағытта жасалды.

- 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие.
- 2.Рухани адамгершілік тәрбиесі.
- 3.Ұлттық тәрбие.
- 4.Отбасы тәрбиесі.
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
- 7.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.
- 8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты.

Тәрбие-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай мақсат, міндеттерді басшылыққа ала отырып жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, тәрбиенің басым бағыттарына аса назар аударылды. Жоспарға сай барлық тәрбие сағаттары қамтылып, атқарылған жұмыстардың есебі тапсырылды. Сынып оқушылары өте белсенді, мектептегі және мәдениет үйіндегі шараларға қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады. Сынып оқушылары аудандық ,облыстық кезең бойынша спорттық шараларға да қатысып өздерін жақсы жақтарынан көрсете білді..Сонымен қатар ата-аналармен де жұмыстар жоспарға сай өткізіліп отырды.

Класс жетекшісі: *Ажу*, А.Тлегенова